



FTAMP 17.07.41
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-315-325>

Түрік ертегілеріндегі кенже ұлдың дәріптелу ерекшелігі

Г.М. Мужигова¹, Э.С. Сейсенбиева¹, Ж.С. Ергубекова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: nazira_m_86@mail.ru, elka1975@inbox.ru, aldiyar-1976@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада түрік халық ертегілеріндегі, кенже ұлдың дәріптелуі мен образына салыстырмалы тұрғыда талдау жасалады. Біздің саф алтындай сонау көне заманнан жалғасып келе жатқан құндылықтарымыз ол бірінші, салт-дәстүріміз, тіліміз, дініміз, діліміз болып табылады. Қазақ елі ХХ ғасырдың бел ортасынан бастап жат-жұрттың шапқыншылығынан орны толмас ойранға ұшырай бастады. Әйтсе де халық руханиятының сөнбес шырағындай болып келген ауыз әдебиетіміз, соның ішінде ойып орын алатын ертегілер, ескі жырлар тарихи жадымыздағы кейбір ұйықтап кеткен түйсік-танымдарымызды оятуға үнемі түрткі болып келеді. Сол танымның негізінде түркі жұртының бір қолдың бес саласындай бірігу процесі жүріп жатқаны да баршамызға мәлім. Мақалада түрік халықтарына тән фольклорлық мұраларда, түрік жұртын құраған ұлттар мен ұлыстардың ортақ төл мәдениеті, біртұтас байырғы өркениетін де қарастырдық. Соның бір саласы – ауыз әдебиетіндегі ұрпақ мәселесі. Әсіресе, қара шаңырақтың тіреуі, тұтас әулеттің ұйтқысы болған кенже баланың образы мен дәріптелуіне тоқталдық. Жалпы әдебиетте қиял-ғажайып ертегілері жанрлық жағынан біркелкі емес, оның құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым әңгімелер, батырлық ертегілер кездеседі, сондай-ақ тұрмыс-салтты авантюралық шығармалар да кездеседі.

Түйін сөздер: миф, ертегі, мифология, фольклор, қиял-ғажайып, кенже ұл, батырлық эпос, тұрмыс-салт.

Кіріспе

Халықтық ұғымда кенже ұл – отбасының ең жас мүшесі бола тұра, оның ерекше қасиеттері мен қабілеттері, батылдығы мен даналығы жиі дәріптеледі. Кенже ұл десе ең алдымен көз алдымызға қасиетті қара шаңырақ пен үйдегі ұлдардың ең кішісі елестейді. Ертегілерде де кенже ұл көбінесе басты кейіпкерлердің бірі болып, өзінің ақылдылығы, жүректілігі мен қайсарлығымен көрінеді. Сол сияқты түрік ертегілерінде кенже ұлдың дәріптелуі – мәдени, әлеуметтік және тарихи факторлармен де тығыз байланысты. Бұл құбылысты түсіну үшін ғылыми зерттеулер мен фольклорлық материалдарға сүйене аламыз. Ең алдымен ескерер жайт, кенже ұл – фольклордағы архетип екенін естен шығармағанымыз жөн. Кенже ұл бейнесі көптеген халықтардың, соның ішінде түрік ертегілерінің архетиптік кейіпкері болып табылады. Карл Юнгтің архетиптер теориясы бойынша кенже ұл – «батыр» бейнесінің көрінісі [1; 2]. Ол көбінесе әлсіз, елеусіз кейіпкер ретінде басталып, өзінің ақылымен, батылдығымен және адалдығымен жеңіске жететіні ежелгі грек мифологиясынан мәлім. «Ертегілерде архетиптер қарапайым, таза түрде пайда болады, соның арқасында архетиптік бейнелер бізге ұжымдық психикада болып жатқан процестерді түсінудің кілтін береді. Мифтерде, аңыздарда немесе кез-келген басқа дамыған мифологиялық материалдарда біз құрылымдарды және адам психикасының негіздерін (модельдері), олардың мәдени қабаттары арқылы түсінеміз» [3, 19 б.]. Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, кенже ұл образы – әлеуметтік әділеттілік пен қарапайым адамның үлкен жетістікке жету идеясын насихаттайтын көркемдік құрал. Бұл ертегілер қоғамның әділеттілік пен теңдікке деген ұмтылысын бейнелейді. «Халық ертегілері балалардың тілдік дамуы мен сөздік қорын олар қолданатын тіл мен ұғымдар арқылы қолдайтын және байытатын ежелден келе жатқан білім беру құралы ретінде қызмет етеді. Әмбебап және ұлттық ертегілер білім беру, қиял мен сыни ойлауды ынталандыру, көңіл көтеру, құрдастарымен және қоршаған ортамен салауатты қарым-қатынасты дамыту және балаларды болашақ қиындықтарға дайындау үшін қолданылады» [4, 94 б.].

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысымыздың нысаны ретінде түрік халқының ертегісі алынды. Сонымен қатар, осыған дейін қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдармен қатар, орыс және батыс ғалымдарының іргелі ғылыми зерттеулеріне сүйендік. Атап айтар болсақ, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Қасқабасов, Б.Әбілқасымов, К.Матыжанов, орыс ғалымдары М.Горький, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, С.Ю.Неклюдов батыс ғалымдары А.Аарне, А.Андреев, Е.М.Мелетинский, В.Я.Пропп, К.Юнг және т.б. ғалымдар.

Сондай-ақ зерттеу жұмысымыз нәтижелі болуы үшін герменевтикалық, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылаулар. «Фольклортанудың бір саласы ретінде ертегі ғылымы жүз жылдан астам уақыт бойы өмір сүргеніне қарамастан, ғылыми әдебиеттерде ертегінің барлық алуан түрлілігін қамтуға қабілетті ертегінің жан-жақты анықтамасы әлі жоқ көркем әдебиет, ертегі сюжеттері ауызша ертегінің ауызша-сөйлеу құрылымы болып табылады» [5, 3]. Түрік халықтарына тән фольклорлық мұраларда, түрік жұртын

құраған ұлттар мен ұлыстардың ортақ төл мәдениеті, біртұтас байырғы өркениеті жатқаны баршамызға мәлім. Оның үлкен бір саласы – ауыз әдебиетіндегі ұрпақ мәселесі болып табылады. Әсіресе, қара шаңырақтың тіреуі, тұтас әулеттің ұйтқысы болған кенже бала ұғымы ерекше дәріптелген.

Киелі кітаптарға сүйенсек бүкіл жер бетін топан су басқаннан кейін, екінші өмірдің басталуы Нұх пайғамбар кемесінде аман қалған барлық жан-жануарлар мен Нұхтың үш ұлы Хам, Сам, Яфстен тараған деген аңыздар бар. Бұл туралы, жиырма томдық «Әдеби жәдігерлер» кітабының «Пайғамбарлар қисасына» арналған сегізінші томында былай айтылады:

«Үлкен ұлы Сам, ортаншысы Хам, үшіншісі Яфес. Бір күні Нұх жатқанда, жел соқты. Нұхтың етегі ашылып, әуереті көрінеді. Хам оны көріп қалады. Сам Хамның ұятсыздығын бетіне басады. Яфес оны көріп, киімімен жабады. Алла тағала сол жазасы үшін Хамның беліндегі ұрығын қара қылды. Оның ұрпақтары қара (нәсілді) болды. Ұялғаннан әйелі қолына алды. Теңіз жағасында бөлініп, қамыстан үй жасады. Осылайша одан үнділер, хабашилер, негрлер тарады. Алайда араб пен аям халқы Самнан тарады. Хамды Үндістанға жіберді. Самды араб пен аям аймағына жіберді. Яфесті Түркістан жаққа жіберді. Барша түркілер Яфестен тарады. Осы жолмен түркілер құрметті және сыйлы болды», - делінеді [6, 25 б.]. Көріп отырғанымыздай адам баласы жаратылғалы бері өзінің ұрпағының ұжданды, намысты болуына қатты назар аударған. Атасының абыройын ойлаған Нұхтың екі үлкен баласы емес, ең кішісі болуында да үлкен мән бар. Қазақ өте ерте замандардан бері кенже балаға ерекше мән беріп, оның отбасындағы орнына әрдайым жоғары баға беріп, үлкен үмітпен қарағаны анық. Бұл үрдіс Нұх әлейкесаламның кезінен жалғасын тауып келе жатқан үрдіс болуы да мүмкін ғой. Нұх пайғамбардың абыройын ойлап, ата-ана алдындағы парызын жете түсінген ұл, отбасындағы ең кішкене ұлы Яфестің болуы да сол исламдық қана емес, түркілік түсініктің яғни Түріктің Яфес ұрпағы болуының өзіндік әсері бар деп ойлаймыз. Кенже бала қай халық фольклорында да жиі кездесіп, үлкен мән артылатын образдың бірі. Аспан асты, жер үстін емін-еркін жайлаған көшпенді халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесінің жиынтығынан ұлттық құндылықтарымыз түзіліп, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыз қалыптасты. «Қара шаңырақтан» бөлек, қазақта тағы да «қара шаңырақтың иесі» деген ұғым бар. Қара шаңырақтың құты мен киесін кетірмей ұстап отыру үшін оның шын иесі де болуы керек. Біздің түсінігімізде шаңырақты күзетіп қалатын – сол үйде туып-өскен ең кіші ер бала. Ата жолынан ауытқымасақ, анасының сүтін тауысқан кенже ұл шаңырақтың иесі атанады. Ал одан соң шаңырақ иесіне бір үйдің ғана емес, тұтас бір әулеттің жауапкершілігі жүктелген. Дәл осы секілді әдебиет пен фольклорда да кенже баланың көтерер жүгі ауыр, орны бөлек. Түркі халықтарының фольклорында кенже бала ұғымы оның басқа балалардан ерекше болуымен, ата-анаға өзге балаларға қарағанда мәртебесі биік болуымен және қара шаңырақтың иесі ретіндегі рөлімен ерекшеленеді. Сондықтан да ең ескі деген жыр-аңыздардың өзінде кенже бала бейнесі әрдайым жағымды сипатта бейнеленіп келген. Оған «Ер Төстік», «Дотан батыр» және т.б. кейбір аңыз-әпсанадағы кенже балаларды мысалға келтіругімізге болады. Ендігі сөздің бір парасы түрік халықтары ертегілерінде кездесетін кенже ұл туралы болмақ.

Түрік ертегілерінде кенже ұл немесе жалғыз ұл тағдыры жиі сөз болады. Бірінде кенже ұл жаумен не айдаһармен шайқасқа түссе, енді бірінде кенже ұл өз аға-бауырларының қастығына тап болады. «Халық ертегілері балалар өмірінде олардың кеңестерінің, еркін және түсінікті құрылымының, қарапайымдылығының арқасында маңызды орын алады тіл, бейнелі және нақты элементтер, пайымдау, мәселелерді шешу аспектілері. Олар, әдетте, баланың дамуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар, әрбір халық ертегісінде балалар жағымды да, жағымсыз да қасиеттері бар кейіпкерді кездестіреді, бұл оларға әртүрлі типтегі адамдарды тануға және олардың кейіпкерлерін талдауға мүмкіндік береді» [4, 95 б.]. Түрік халқының «Падишаһтың ұлы» ертегісіне назар аударайық. Түріктің «Баяғы бір заманда, сабан толған електе, бүрге шаштараз болып, түйе жылап, ана бесігін тербетіп жүргенде» деп басталатын қатардағы бұл ертегісінде мынау бір патша мен оның үш ұлы болады. Сол патшаның өз бағында бір алма ағашы өсіп, жылына тек үш алма ғана береді екен. Бірақ сол алмаларды патшаның өзі бірде-бір рет татып көрмепті. Бір күні патша ұлдарын жиып алып, үзіп алып келуді тапсырады. Үш ұлы да әкесінің тапсырмасын естіп, күні-түні алма ағашын әркім өзінше күзетеді. Алайда, әр түн сайын қатты дауыл тұрып, бір күні екі басты айдаһар пайда болады. Айдаһар алманы үзіп алмақ болғанда, кіші ұшы садағымен атып, оның бір басын жаралайды. Айдаһар дереу кері бұрылады. Жігіт ағашқа шығып, бір алманы үзіп алып, әкесіне апарады да, болған оқиғаны баяндап береді. Кейін ағаларына айдаһардың ізін қуып, оның екінші басын да шауып тастау керегін ескертеді. Үшеуі айдаһардың ізіне түсіп, жүріп отырады. Бір кезде олар бір құдыққа келіп, екі ағасы әлсіздік танытады. Тек кенже ұл ғана құдық түбіне жетіп, жерге түскен соң, белбеуді шешіп, есіктердің біріне қарай беттейді. Есікті ашса, айдаһар жатыр екен. Жігіт қылышын суырып алып, айдаһардың екінші басын шауып тастайды. Айдаһар өліп, жігіт айналаны аралап көріп жүріп, тағы бір есікті табады. Есік артындағы сұлу үш қызды құтқармаққа бекінеді. Алайда, жігітті көре алмаған ағалары сатқындық жасап жер асты патшалығында мәңгі қалдырмақшы болады» [7].

Алайда, пері қызының көмегі мен өз даналығы арқылы жер бетіне шығуға мүмкіндік туады. Айдаһарлар патшасын нарды ойынынан жеңіп, өз ауылына қайта келеді. Соңында, әділеттілік жеңіске жетіп, үш ағайынды да батылдықтарын тексереді, соның арқасында жас батыр әділетті патша ретінде өмірін бастайды. Ертегідегі кей эпизодтар қазақтың «Ертөстік» ертегісіне ұқсайды. Жер астындағы айдаһар патшалығы жылан Бапы ханды еске салса, түрік ертегісіндегі кенже қыздың батырға адалдығы Кенжекейдің болмысына келеді. Ең батысы екі ертегіге де ортақ сарын кенже ұлдың батырлығы мен ақылы болса керек. Дәл осы сынды «Құлеке, Түреке, Береке» ертегі қырғыз халқының фольклорында да ұшырасады. Кенжесі – Береке (Бұл жерден пайымдайтынымыз, кенже балалар есімінің қашан да символикалық мәні болады). Бұл ертегі де кемпір мен шалдың балаларын шақырып алып өтініш айтуымен басталады. Шал мен кемпір өздерінің қартайғанын айтып, балаларына лайықты жар тауып алыңдар деп бірінші сапарға үлкен ұлы Құлекені жібереді. Ертегінің сюжетіне сай кенже болған жерде үлкен ұлдың жолы ауыр, ол елге де жақпайды, қызға да жақпайды. Үміті үзіліп қайтып келе жатқанда бойы бір қарыс, сақалы бес қарыс шал кездесіп, оның айтуымен соңынан еріп, көтер деген тасын көтере аламай, шалдан сөз естіп, үйіне қайтады. Келесі ортаншы ұлы Түреке де үлкен ағасының

ісін қайталап, құралақан болып үйіне қайтады. Енді шал мен кемпір ақылдасып кішісі Берекені қалыңдық іздеуге жібереді. Ол да жолдан баяғы шалға кездесіп, шал оны жол айырығындағы қара тасқа апарады. Береке қара тасты қолының үшімен ақ қопарып тасатайды. Сөйтсе, тастың астында жер астына түсетін тесік бар екен. Шал оған арқанмен жер астына түсуін, түскесін онда үш ханның елі бар екенін, әрі олардың үш қызы бар, дейді де Берекені түсіріп жібереді. Байқағанымыздай ертегінің жалпы барысында ағаларына қарағанда кенженің іс-қимылы еш мінсіз басталады. Бұл ертегі де дәстүрді бұзбастан ағаларын мұқатып, кенжесін үстемге шығарады. Бірінші талап, қара тасты жылжыту. Екі ағасы қозғай алмағасын бойы бір қарыс шал қуып жібереді. Ал кенженің орны басқа бірақ бұл кенженің туылу, өсу ерекшеліктері айтылмайды. Бірден тасты қопарып алғанда ғана оның талайы басқаша екені анықталады. Одан арғысы түсінікті кенженің ағалары үшін қалыңдық іздеуіне ұласады. Сөйтіп, арып-ашып бәрі үшін күресіп жүрген кенжеге жеме-жемге келгенде, іштарлықпен опасызыдық жасайды.

Осыдан бөлек түрік халқының көп ертегісінде кенже ұлдың бейнесі ұшырасады. Жалпы фольклорда бар қимыл-қозғалыстар, сюжеттер, ортақ оқиғалардың бәрі де кенже ұлға байланысты болып келді. Фольклордағы өзге жанрлар кейіпкері кездесетін, бастан кешетін оқиғалар желісін, кенже балалар да басынан өткізеді. Кенжелерде ақыл-парасатының, ерекше батырлығының арқасында бар қиыншылықты жеңіп отырады. Аңыз, қисса, эпос, ертегідегі басқа мотивтер баратын қаһармандыққа біз сөз етіп отырған кенже батырлар да барады. Өзге мотивтерде кездесетін сюжеттерге, дәл сондай оқиғаларда біздің кенже ұлымыз да өз беделін түсірмейді. Қаймықпастан қасқайып бәрін жеңіп шығады. Жалмауыз болса жалмауызды; мыстан болса мыстанды; айдаһар болса айдаһарды; көре алмаушы, іші тар қызғаншақтар болса оларды да жер қаптырады, пұшайман етеді. Бұл кенжелер бір жақты, бір сарынды емес, жан-жақты, тоқсан өнерді тоғыстырған өрен жүйрік болып келеді. Фольклордағы барлық кенжелерді жинақтап жіберсеңіз олардың қолынан келмейтіні болмай шығады. Олардың фольклордағы атқаратын қызмет ауқымы мен маңызының зорлығы сонша көп жанрдағы бас қаһармандардан көш ілгері. Тіпті кенже баланы фольклордағы барлық мотивтердің ұйтқысы деп айтуға негіз бар. Мәселен, «Кедейдің кенже ұлы» ертегісінде үш ұлы бар кедей адамның кенже баласы туралы баяндалады. Екі үлкен ағасы әкесінің көмегіне немқұрайлы қарайды, ал кенже бала еңбекқорлығы мен ақылының арқасында құрмет-қошеметке ие болады. Ертегі сюжеті бойынша бір күні кедейдің бақшасында алтын алма өсіп шығады. Бұны естіген патша алтын алманы зорлықпен өзіне алмақшы болады. Ал, кенже бала патша сарайына барып, қиын тапсырмаларды орындайды. Оның ақылы мен адалдығы арқасында патшаның қызына үйленіп, байлық-билікке қол жеткізеді. Ал, жалғыз ұл мен зұлым сиқыршы туралы ертегіде отбасына ерекше үміт сыйлайтын тағдырдың тартуы ретінде дүниеге келген жалғыз әрі кенже ұлдың жайы баяндалады. Ол көбінесе батылдық пен тапқырлықтың арқасында отбасын қорғауға міндеттеледі. Әңгімеде жалғыз ұл зұлым сиқыршының тұзағына түсіп қалады. Алайда ол өзінің ақылы мен ерлігі арқылы сиқыршыны жеңеді және үйіне аман-есен оралады. Осы сынды мотив тау перісі және кенже бала туралы ертегі-аңызда да сөз болады. Бұл ертегіде кенже бала ауылды қауіптен құтқару үшін қауіпті тау перісіне қарсы тұруға мәжбүр болады. Кенже

бала әдетте ақылы мен тапқырлығы арқылы қарсыласын жеңіп шығады. Ол үлкен батыр болмаса да, оның айласы мен батылдығы ертегінің ең маңызды элементі болып табылады.

Түрік халық ертегілерінде кенже бала немесе жалғыз бала тақырыбы кең таралған, бұл кейіпкерлер көбіне ертегі сюжетінің басты тұлғалары болып табылады. Олардың образдары халықтық мәдениетте маңызды орын алады десек, кенже бала әдетте отбасындағы ең әлсіз, бірақ ертегі барысында ең ақылды, батылы болып шығады. Ең қызығы, түрік ертегілерінде кенже баладан бөлек, кенже қыздың да образы ара-тұра ұшырасып отырады. Тағы бір ертегісінде оқиға былай өрбиді: «Баяғы бір заманда, сабан толған електе, бүрге шаштараз болып, түйе жылап, ана бесігін тербетіп жүргенде (түрік ертегілері осылай басталады) бір сұлтанның үш қызы болыпты. Бір күні сұлтан қыздарын жинап алып: «Сен мені қаншалықты жақсы көресің?» деп сұрайды. Үлкен қызы «мен әлемді жақсы көргендей жақсы көремін» дейді. Ортаншы қызы «құшақтап жақсы көремін» десе, кіші қызы «тұздай жақсы көремін» деді. Кіші қыздың бұл жауабына сұлтан қатты ашуланып, адамды тұздай сүйеге бола ма деп сұрайды да, кіші қызын жазалаушыға береді. Жазалаушы қызды өлтіру үшін тауға апарады. Қыз жазалаушыға жалынып: «Сенің де қызың бар шығар, мені өлтірме», – депті. Жазалаушы қыздың тілеуіне қарсы тұра алмай, оның орнына мал сойып, қыздың көйлегін сойылған малдың қанына сіңдіріп, сұлтанға әкеледі. Кіші қыз жолға шығып кетті. Біраз ұзап, ұзақ жүріп, бір ауылға жетті. Сол жерде ауылдың байларының біріне күң болып, есейіп, өте сұлу қызға айналады. Оның сұлулығы қаладан қалаға, тілден тілге тарап, сәті түсіп, бір бай сұлтанның баласына тұрмысқа шығады.

Арада көп уақыт өтіп, күйеуіне басынан өткенін айтып, өз әкесін қонаққа шақырғысы келді. Күйеуі де келісе кетті. Дайындық жасалып, қыздың әкесі қонаққа шақырылды. Қыздың әкесі аталған күні серіктерімен дастарқанға келген. Сұлтан мен қасындағылар дастарқан басына жайғасқанда, тамақтар ретімен келе бастады. Бірақ қыз аспазына барлық тағамның тұзсыз болуын бұйырды. Сұлтан қандай тағамды қолымен алып жегісі келсе де, қолы кері кетіп, тамақтың ешқайсысын жей алмады. Өйткені, оның тұзы жоқ. Осы кезде оның кіші қызы сұлтанның дастарқанынан атып тұрып, «тамақты неге жемейсіз, әлде татымы кем бе?» деді. Тұзсыз тамақ жей алмай отырған сұлтан: «Адам тұзсыз тамақ жей алмайды. Ал тамақ жемесе, аштан өледі ғой. Мен аштан өлгім келмейді» деп дүрсе қоя береді. Сонда қыз оған өзінің бұрын өлтіруге бұйырған кенже қызы екенін айтып, «тұз тамаққа қалай керек болса, әкемнің де өмірімде соншалықты маңызды, ерекше екенін айтқанмын» деп түсіндіреді [8].

Сұлтан өз ісіне ұялып, кіші қызын құшақтап, тұздың қаншалықты құнды екенін түсінді. Осыдан кейін ол өз қызын да тұздай жақсы көретінін айтып, сағынғанын жеткізіпті». Бұл ертегіде кенже қыз қосалқы кейіпкер не бас кейіпкер кенже ұлдың жары ғана ретінде көрініс таппай, ертегінің жалпы құрылымы кенже қыздың оқиғасына құрылуы тағы бір ерекшелік. Шынында қарапайым оқырман пайымдай бермейтін кенжелердің маңызына тағы бір мәрте көз жеткізіп, қаншама ертегілердің басты қаһарманы болып жүргенін дәлеледедік. Бұл келтірген мысалдар теңізден қасықтап алған су секілді екенін ескерсек, кенже балаға байланысты әлі қаншама ертегілерді мысалға келтіруге болады.

Кенже бала мотиві ең ерте қалыптасқан кейіпкерлердің бірі болғасын, әмбебаптық қасиетін замандар өтуімен бойына жапсыра бергенге ұқсайды. Содан әлгінде айтқан көп ерекшеліктерге еге болып шыға келген де, өзі бір төбелік деңгейге жеткен. Кенже ұл мен кенже қыз қалай да фольклордың өн-бойына өзінің өшпес ізін қалдырған ерекше бейне екенін жоққа шығара алмаймыз. Анығында ешқандай дәлеледеуді қажет етпейтін түркілердің кенже бала түсінігі ғасырлар желісіне аман-есен осы күнге жеткен. Қазақтың ежелгі қағидасындағы «Үлкен ұл тақ мұрагері, кенже бала қарашаңырақ иесі» деген үрдісті сақтап келе жатқанына қаншама заман. Ресей отаршылдары келместен бұрынғы отбасы құндылықтарында бұлжымай атқарылатын ырымдар мен тиымдар қаншама көп болды. Әрі оны сол замандағы адамдар аса жоғары дәрежеде ұстанып келді. Ішінде біздің кенже баламызда шаңырақтың шайқалмауы үшін өзінің үнсіз келісімін жасап отырды. Одан ешкім сен қара шаңырақта отырасың ба жоқ па деп сұрап та қоймайтыны белгілі. Мақтанышпен еске алып, қара шаңырақты қанша құрметтеп көтермелесек те, шаңырақ иесі, ендігі ауылдың ат байлар болу жауапкершілігі кенжеге бұрынғы еркелігін тастап, ата шаңырақтың бет-беделіне лайықты болу үшін ширауға тура келетіні және ағайын-туғанға жәйлі, ортасының ұйытқысы болып отыру үшін кенже баладан сөзсіз асқан сабырлық пен парасаттылықты талап ететіні даусыз.

Мәселен мына ертегіге назар салайық. Түрік халқының «Дэв Рюзгар» ертегісінде де кенже баланың орны айқын көрініс табады. Дэв Рюзгар (түрік тілінде «Dev Rüzgar») – түрік халқының желдің құдіреті мен адам ақылының күші жайындағы ертегісі. Бұл ертегіде желдің рухы немесе дәуі адамдармен кездесіп, оларға ерекше сынақтар қояды. Баяғы заманда бір кедей отбасы өмір сүріпті. Олар желден көп қиындық көрген екен: егіндері құлап, үйлері құлап, малдары жоғалып кете береді. Бұл жел тек табиғи құбылыс қана емес, ол – ерекше күшке ие дәу, оны жұрт «Дэв Рюзгар» деп атапты. Жер бетіндегі ешкім бұл желдің күшін тоқтата алмапты. Бір күні отбасының ең кішкентай ұлы батылдық танытып: осы желдің құпиясын ашып, оны тоқтатамын деп серт береді. Ол ұзақ жолға шығып, желдің мекенін іздейді. Бірнеше күндік сапардан кейін ол бір қартты кездесіп, оның іздегені Дэв Рюзгардың патшалығы екеніні, ол биік тау басында тұратынын, бірақ оған жету үшін ақылыңды қолдануың керек, өйткені ол өте айлакер екенін айтады. Қарт балаға кішкентай қапшық беріп, «бұл қапшық сені қорғауға көмектеседі, бірақ оны тек қиын сәтте ғана аш», – деп ескертеді. Ұзақ жол жүріп, бала ақыры желдің мекеніне жетеді. Онда желдің дәуі оны мазақтап, түрлі сынақтар қояды. Ол ұлға үлкен жүк көтеруді бұйырады, бірақ бала ақылын қолданып, қапшықтан шыққан сиқырлы заттар арқылы барлық сынақтан өтеді. Соңында Дэв Рюзгар оның тапқырлығына тәнті болып: – Сен ақылды екенсің, адамдарға зиян тигізбеймін. Бірақ әрдайым естеріңде болсын: табиғатқа құрметпен қараңдар, өйткені желдің күші тек жойқын емес, ол өмір сыйлайды да, – деп уәдесін береді [3]. Бұл ертегі адамдардың табиғат күштерін түсініп, онымен үйлесімді өмір сүруі туралы тағылым береді. Сонымен қатар, батылдық пен ақылдың арқасында үлкен қиындықтарды жеңуге болатынын көрсетеді. Бұл ертегі мазмұнында да бірінші не екінші ағасының қорқақтып танытып, бар міндеттің кенже балаға артылуы бекер емес болса керек. Байқағанымыздай ертегінің жалпы барысында ағаларына қарағанда кенженің іс-қимылы еш мінсіз басталады. Бұл бейне қазақ ертегілерінің біразында

кездеседі. Рулық қоғам ыдырай бастағанда – идеал басқа. Енді ол – ыдырап бара жатқан қоғамның дәстүрін қолдаушы, ата жолын қуушы. Ол қазақ өміріндегі қара шаңырақтың иесі – кенже бала. Біздің көп ертегілерімізде бас кейіпкер осы кенже бала болып келеді». Осылай ғалымдарымыз кенжелерге арнайы тоқтап, олардың фольклордағы маңызды рөлдеріне баса айтып, басқа халықтарда көп кездесе бермейтін кенжелерді даралауға тырысқан.

Қорытынды

Қорытындылай келе, кенже ұлдың образы арқылы түрік халқы адам бойындағы асыл қасиеттерді дәріптеп отыр, оның ішінде: сабыр мен шыдамдылық; әділдік пен адалдық; тапқырлық пен даналық. Бұл ертегілердің тәрбиелік мәні тереңде жатыр. Олар жас ұрпақты тек өз пайдасын ойламауға, керісінше, қоғамның мүддесін алдыңғы орынға қоюға үйретеді. Кенже ұлдың батырлығы арқылы халық өз арманы мен идеалдарын көрсетеді. Осылайша, түрік халқының ертегілері ғасырлар бойы рухани мұра ретінде сақталып, өз құндылығын жоғалтпай келеді.

Ертегідегі кенже бала образы арқылы, санамызда сары майдай сақталған отбасы құндылықтарының, сонау замандардан бері жалғасып келе жатқан қара шаңырақ деген қасиетті ұғымның ертегі арқылы насихатталып келгенін түсінеміз. Түйіндей келе айтарымыз, түркі халқының ертегілеріндегі кенже ұл образы – халықтың рухани мұрасын, ұрпақ сабақтастығын, отбасы құндылықтарын дәріптеу және солардың мәңгілік маңызын ұғындыруда үлкен рөл атқарады. Кенже ұлдың қасиеттілігі мен оның өз орнын табуы, барлық ұрпақтың мықты, біртұтас болуын қамтитын ұлы идеяны айшықтайды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Г.М. Мужигова – мақала материалдарын саралап, талдау жасауға пайдалы деректер жинақтауға ат салысты, мақаланың тұжырымдамасына, мақала тақырыбына қатысты материалдарды оқып, үлес қосты;

Э.С. Сейсенбиева – шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге, мақаладағы ғылыми көзқарастарды саралап, мәліметтердің нақтылығын тексерді;

Ж.С. Ергубекова – мақаланың техникалық рәсімделуіне өз үлесін қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 2008. – 320 с.
2. Карл Юнг. Архетипы и коллективное бессознательное. Перевод на рус.яз. А.Чечина. – Москва: АСТ, 2019. – 496 с.
3. Balabekova K., Otarbekova Zh., Shoibekova G., Orazbay S., Ermers R. Concepts in folktales – Manifestations of embodied worldviews // *XLinguae*, 2022. – Vol. 15, Iss. 4. – P.18-27.
4. Ramazan ÇAKIR, Olga PİLLİ. The Impact of Turkish Cypriot Folktales on Middle School Students' Social Skills // *Participatory Educational Research (PER)*, 2024. - Vol.11(6), - P. 94-111.

5. Бараг Л.Г., Березовский И.П., Кабашников К.П., Новиков Н.В. Сравнительный указатель сюжетов: Восточнославянская сказка. – Ленинград: «Наука», 1979. – 437 с.
6. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 8-т. – Алматы: «Таймас», 2008. – 480 б.
7. Түрік ертегілері. [Электронды ресурс]. URL: <https://halyqline.kz/qogam/ruhaniat/tuerik-ertegileri/> (Қаралған күні: 05.06.2024).
8. Турецкие народные сказки (второе издание). [Электронный ресурс]. URL: <https://fb2.top/tureckie-narodnye-skazki-vtoroe-izdanie-638859/read/part-10> (Дата обращения: 05.06.2024).
9. Стамбульские сказки: собрал и записал Наки Тезель / пер. с тур. А.С. Сулеймановой, А.В. Образцова; под ред. А.С. Аврутиной. – СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2023. – 272 с.
10. Неклюдов С.Ю. Типология и история в памятниках героического эпоса // The Armenian Epic «Daredevils of Sassoun» and the World Epic Heritage / Tsakhkadzor. Yerevan: National Academy of Sciences of Armenia, 2003. - P. 17 – 24.
11. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылдағы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
12. Қасқабасов С. Елзерде. Әр жылдағы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.

Г.М. Мужигова¹, Э.С. Сейсенбиева¹, Ж.С. Ергубекова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

Особенности прославления младшего сына в турецких сказках

Аннотация. В статье рассматривается прославления и сравнительный анализ образа младшего сына в турецких народных сказках. Наши ценности с древних времен являются первыми, традиции, язык, религия. Казахская страна с середины XX века начала подвергаться непоправимым разрушениям от вторжений врагов. Тем не менее, устная литература, в том числе сказки, старинные псалмы, которые стали неувядающим светом народной духовности, постоянно мотивирует нас пробуждать некоторые из наших уснувших инстинктов и познаний в нашей исторической памяти. Как известно, на основе этого познания идет процесс объединения тюркских народов в пять сфер одной руки. В статье мы рассмотрели фольклорное наследие, присущее турецким народам, общую культуру народов и народностей, составляющих турецкую народность, единую коренную цивилизацию. Одна из областей-проблема поколений в устной литературе. В частности, мы остановились на образе и прославлении младшего сына, который был опорой шанырака, символом целой династии. В общей литературе фантастические сказки неоднородны по жанру, в них встречаются простые рассказы, характерные для первобытной общины, героические сказки, а также бытовые приключенческие произведения.

Ключевые слова: миф, сказка, мифология, фольклор, фэнтези, младший сын, героический эпос, быт-обряд.

G.M. Muzhigova¹, E.S. Seisenbieva¹, J.S. Ergubekova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan

Features of the glorification of the youngest son in Turkish fairy tales

Abstract. The article examines the glorification and comparative analysis of the image of the youngest son in Turkish folk tales. Our values have been the first since ancient times, traditions, language, religion. Since the middle of the twentieth century, the Kazakh country has been irreparably destroyed by enemy invasions. Nevertheless, oral literature, including fairy tales and ancient psalms, which have become the unfading light of folk spirituality, constantly motivates us to awaken some of our dormant instincts and knowledge in our historical memory. As you know, on the basis of this knowledge, the process of uniting the Turkic peoples into five spheres of one hand is underway. In the article, we examined the folklore heritage inherent in the Turkish peoples, the common culture of the peoples and nationalities that make up the Turkish nationality, and a single indigenous civilization. One of the areas is the generational problem in oral literature. In particular, we focused on the image and glorification of the youngest son, who was the mainstay of shanyrak, the symbol of an entire dynasty. In general literature, fantastic tales are heterogeneous in genre, they contain simple stories typical of a primitive community, heroic tales, as well as everyday adventure works.

Keywords: myth, fairy tale, mythology, folklore, fantasy, youngest son, heroic epic, everyday ritual.

References

1. Propp V.Ya. Fol'klor i deistvitel'nost' [Folklore and activity] (Nauka, Moscow, 2008, 320 p.). [in Russian]
2. Carl Yug. Arkhetipy i kollektivnoe bessoznatel'noe. Perevod na russkii yazyk A. Chechina [Archetypes and the collective Unconscious. Translation into Russian.A. Chechina] (AST, Moscow, 2020, 150 p.). [in Russian]
3. Balabekova K., Otarbekova Zh., Shoibekova G., Orazbay S., Ermers R. Concepts in folktales – Manifestations of embodied worldviews, XLinguae, 15, 4, 18-27 (2022).
4. Ramazan ÇAKIR, Olga PİLLİ. The Impact of Turkish Cypriot Folktales on Middle School Students' Social Skills, Participatory Educational Research (PER), 11(6), 94-111 (2024).
5. Barag L.G., Berezovsky I.P., Kabashnikov K.P., Novikov N.V. Sravnitel'nyi ukazatel' syuzhetov: Vostochnoslavianskaya skazka [Comparative index of plots: An East Slavic fairy tale] (Nauka, Leningrad, 1979, 437 p.) [in Russian]
6. Adebı zhadigerler. Zhiyrma tomдық. Vol. 8 [literary artifacts. Twenty volumes. Vol.8] (Taimas, Almaty, 2008, 480 p.) [in Kazakh]
7. Turik ertegileri [Turkish fairy tales] [Electronic resource]. Available at: <https://halyqline.kz/qogam/ruhaniat/tuerik-ertegileri/> (Accessed: 05.06.2024). [in Kazakh]
8. Turetskie narodnye skazki (vtoroe izdanie) [Turkish Folk Tales (second edition)] [Electronic resource]. Available at: <https://fb2.top/tureckie-narodnye-skazki-vtoroe-izdanie-638859/read/part-10> (Accessed: 05.06.2024). [in Russian]

9. Stambul'skie skazki: sobral I zapisal Naki Tezel'. Per. s tur. A.S. Suleimenovoi, A.V. Obraztsova; gjd red. A.S. Avrutinoi [Istanbul stories: Sobral and recorded Naki Tezel, per. c tour. A.S. Suleymanovoy, A.V. Obraztsova; Ed. A.S. Avrutinoy] (Publishing House of St. Petersburg University, St. Petersburg, 2023, 272 p.). [in Russian]

10. Neklyudov S.Yu. Tipologiya I istoriya v pamyatnikakh geroicheskogo eposa [Typology and history in the monuments of the heroic epic], The Armenian Epic «Daredevils of Sassoun» and the World Epic Heritage, Tsakhkadzor. Yerevan: National Academy of Sciences of Armenia, 17-24 (2003). [in Russian]

11. Kaskabasov S. Zhanazyk. Ar zhyldagy zertteuler [Zhanazyk. Research in different years] (Audarma, Astana, 2002, 584 p.). [in Kazakh]

12. Kaskabasov S. Elzerde. Ar zhyldagy zertteuler [In Elzer. Research in different years] (Zhibek Zholy, Almaty, 2008, 504 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Мужигова Г.М. – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сейсенбиева Э.С. – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Ергубекова Ж.С. – PhD, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан.

Muzhigova G.M. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Seisenbiyeva E.S. – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Yergubekova Zh.S. – PhD, Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).